

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ  
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ МҰҒАЛЖАР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»  
ММ «ДАНА» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ» МКҚК

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің  
«Дана» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі  
бағалау құжаттары.

2022 жыл.



2022 жылғы «01» 08

№ 23

от «01» 08 2022 год

«Дана» бөбекжай-бақшасында өзін-өзі бағалау  
жөнінде комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 59-бабына және Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы №700 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 02 ақпандағы №124 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Дана» бөбекжай – бақшасының 2022 жылдың 01 қыркүйек айына дейін 2021-2022 оқу жылының құжаттарын балабақшаішілік өзін-өзі бағалау үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

1. Г.Ж.Карашолакова-«Дана» бөбекжай-бақшасы меңгерушісі, комиссия төрайымы

2. З.К.Ажибаева-«Дана» бөбекжай-бақшасы әдіскері, комиссия мүшесі

3. Т.Ж.Каирова-«Дана» бөбекжай-бақшасы медбикесі, комиссия мүшесі

4. М.Н.Алиева- психолог, комиссия мүшесі

5. Ж.Т.Жукетаева-тәрбиеші, комиссия мүшесі

2. «Дана» бөбекжай-бақшасының өзін – өзі бағалауы бойынша комиссия мүшелері зерделеу жұмыстарын жүргізіп, қорытынды жасап, құжаттар әзірленсін.

3. Осы бұйрықпен жауапты қызметкерлерді таныстыру және бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырылсын.

«Дана» бөбекжай-бақшасы меңгерушісі:

Г.Ж.Карашолакова

Бұйрықпен таныстым:

З.К.Ажибаева

«01»

«тамаз»

2022 жыл

М.Н.Алиева

«01»

«тамаз»

2022 жыл

Т.Ж.Каирова

«01»

«тамаз»

2022 жыл

Ж.Т.Жукетаева

«01»

«тамаз»

2022 жыл

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Дана» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша аттестаттау комиссиясының қорытындысы

Сағашилі ауылы

01 тамыз 2022 жыл

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Дана» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының өзін-өзі бағалау туралы 2022 жылдың 01 тамыз айындағы №23 бұйрығына сәйкес, 2021-2022 оқу жылының 2022 жылғы 01 қыркүйек айына дейін «Дана» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының келесі құрамдағы өзін-өзі бағалау комиссиясы өзін-өзі бағалауды жүргізді:

Г.Ж.Караполакова



-«Дана» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының менеджері, комиссия төрайымы

З.К.Ажибаева

-«Дана» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының әдіскері, комиссия мүшесі

Г.Ж.Каирова

-«Дана» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының медбикесі, комиссия мүшесі

М.Н.Алиева

-«Дана» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының психолог, комиссия мүшесі

Ж.Т.Жукетаева

-«Дана» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының тәрбиеші, комиссия мүшесі

Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек ауылдық округі, Сағашилі ауылында орналасқан «Дана» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау нәтижесінің қорытындысы.

«Дана» бөбекжай-бақшасында өзін-өзі бағалау 2022 жылы 01 тамыз 2022 жылғы 01 қыркүйек айының аралығында өтті. «Дана» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 2010 жылдан бастап жұмыс жасайды.

**1. «Дана» бөбекжай-бақшасы МКҚК-н ішкі тәртібін реттеуші құжаттары:**

- Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №469 қаулысымен бекітілген «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Дана» бөбекжай-бақшасы МКҚК Жарғысы; (қайта тіркеу 2021 жыл 18.01. №84-1904-12)
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Мұғалжар ауданының бөлімі Заңды тұлғаны мемлекетті қайта тіркеу туралы анықтамасы  
Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 15.03.2010 жыл  
Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) 100340012262
- Техникалық құжат кадастрлық №02:027:008:730:1/А
- Тұрақты жер пайдалану құқығы, жер учаскесінің кадастрлық №02-027-008-730
- Мемлекеттік білім беру және мемлекеттік медициналық қызметпен лицензия, берілген күні 18.05.2012 ж, №АК 10581
- Меншік иесі туралы мәліметтер  
Балабақшаның құрылтайшысы **Ақтөбе облысының әкімдігі** болып табылады.  
«Дана» бөбекжай-бақшасы ғимараты типтік жобала салынған 1 қабатты ғимарат.  
мекен-жайы: 030706, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек ауылдық округі, Сағашилі ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі, 18 үй.  
Тел-факс: 8-71333 – 3-82-49  
Электронды адресі: Danamkkk.2010@mail.ru

Қолдануға берілген жылы – 2010 жыл

Ғимарат түрі - 1 қабат

Жоба қуаттылығы – 50 орын

Балабақшаның жалпы көлемі- 1337,4 шаршы метр

Ғимарат көлемі-1414,8 гектар

Оқыту тілі - қазақ тілі

Топтар саны – 2 топ

**2. «Дана» бөбекжай- балабақшасының жалпы сипаттамасы**

Қазіргі таңда бөбекжай-бақшасында 2 топ жұмыс істейді. Бөбекжай-бақшасы бойынша 2021-2022 оқу жылында – 50 бала тәрбиеленуде. Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған.

Балабақшаның жұмыс уақыты: сағат 8:00-ден 18:30-ға дейін, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Балалар үшін медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, психология кабинеті, баланың жас ерекшелігіне сай 2 топ жабдықталған. Сондай-ақ, асхана, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелері жыл бойы қызмет көрсетеді. Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚРДСМ -59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы қағидалары мен нормаларына сәйкес балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған топ бөлмелері, ойын бөлмелері бар.

Сапалы білім мен тәрбие беру мектепке дейінгі мекеме жұмыстарының тиімділігі және даму көрсеткіштері. Оны жүзеге асыру үшін ең алдымен педагог мамандарының қызметі, дамуы. Сондықтан да, педагогикалық менеджмент негізінде құрылған басқару қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде педагогтардың мәртебесін көтеру, олардың кәсіби шығармашылық деңгейлерін арттыруға деген мотивация тудыру, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады.

Басқару қызметінде педагогикалық менеджмент негіздемесінде педагогтардың мәртебесін көтеру ғана емес, мақсаты тұрақталып ынтымақтастықпен жасалынып, нәтижелі жетістіктерге бағытталған. Ұйымдастыру түрлерін жетілдіріп, бірлесе технологиялық шаралар мен ережелерді сақтай отырып, барлық педагогтарға қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету үшін шаралар жасалған. Білім беру үрдісінің өнімділігін барынша арттырып, жаңа көзқарастардың тууына арналған жүйелі жұмыстардың арқасында Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық микроклимат құру үшін көгалдандырылып, гүлді алаңқайлар, бұталар, отырғызылған. Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы жақсы дәрежеде. Балабақшада тазалық-гигиеналық тәртіп сақтау жолы жолға қойылған. Күн режимі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталады. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жоспарлы жүргізілуде.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында Сағашилі амбулаторасымен бірлесе профилактикалық жұмыстары үнемі жүргізіліп тұрады. Балабақша медбикесі сауықтыру -шынықтыру жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Тоқсан сайын антропометриялық өлшемдер жүргізіліп, балалардың физиологиялық көрсеткіштері бақыланады. Ата-аналарға пайдалы кеңестер беріліп тұрады. Балабақша қызметкерлерін үнемі, уақытылы медициналық тексеруден өткізіп отырады.

Ата-аналармен, тәрбиешілермен, балалармен балабақша психологы жылдық жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп отырады. Балалармен психодиагностикалық ойындар, жаттығулар, тренингтер, мониторинг жүргізіліп тұрады. Ата-аналарға кеңестер беріліп, сауалнамалар жүргізіледі.

«Дана» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК ұжымының жеке іс-топтамасында барлық қажетті құжаттар жинақталған. Тәрбиешілердің және қызметкерлердің жеке еңбек кітапшасы мен жеке іс-құжаттары сейфте сақталады. Балабақшаның барлық қызметкерлерімен әр уақытта техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқаулар өткізіліп, тиісті нұсқаулық журналдарына тіркеліп отырады. Балабақшаның қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылады. Педагог мамандарды тіркеп отыратын кітап және бұйрық кітабы бар. Бұйрық кітабы мемлекеттік қазақ тілінде жүргізіледі. Мамандарды толықтыру, сапалық құрамының құжаттары мен сандық құрамына талдау жұмыстары жүргізілуде. Мектепке дейінгі ұжым педагогикалық мамандармен толық қамтылған.

### 3.Кадрлар құрамын талдау

Қызметкерлердің жеке іс - парағында мәліметтер ретімен жинақталған. Қызметкерлер саны - 23 , оның ішінде педагогтар – 8, әкімшілік және техникалық персонал – 15 , жеке куәлік, санат алғаны туралы куәлік, мекен жайлары туралы анықтамалары, өмірбаяны, келім- шарт, лауазымдық нұсқаулықтарды жинақталған және сотталмағанын растайтын құжаты бар. Барлық қызметкерлердің еңбек кітапшалары бар.

#### Жұмыс өтілі бойынша (жыл)

0-ден 5 жылға дейін	5-тен 10 жылға дейін	10-нан 15 жылға дейін	15-тен 20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
5	4	7	4	3

№	Жалпы педагогтар саны	2021-2022	
		8	
1	Жоғары білімді	4	50%
	Оның ішінде мектепке дейінгі	4	50 %
2	Арнайы біліммен	4	50%
	Оның ішінде мектепке дейінгі	4	50 %
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша педагогтардың үлесі		100 %	

#### Біліктілік санаты туралы мәлімет

№	Санаты	2021-2022	
		Педагогтар саны	
		8	
1	2 санат	4	50 %
2	Санатсыз	4	50 %
Біліктілік санаты бойынша педагогтардың үлесі		50%	

#### Штаттық кесте (Бірлік)

№	Лауазымы	2021-2022
1	Педагогтар	6,75
2	Қызметкерлер	14,95
3	Барлығы	21,7

#### Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы

Оқу жылы	Барлығы	Екінші санаты	Санаты жоқ
2021-2022	8	4	50%
		4	50 %

### 4.Медициналық қызметкердің жұмысы.

«Дана» бөбекжай-бақшасы медбикесі: **Каирова Тарбия Жумағалиевна** . Мейірбике мамандығы бойынша маман куәлігі бар №196к. Медициналық кабинетке, медициналық қызмет көрсету үшін **Мемлекеттік лицензия №АК 10581DD** Берілген күні - 18.05.2012 жыл

Балабақша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі бекіткен № 09.07.2021 ж. санитариялық қағидаларын толықтай сақтап, жұмыс істейді.

**Медициналық бөлім:** Санитарлық талаптарға сай жабдықталып, 2 бөліктен құрылған. Бөбекжай-бақшасына тәрбиеленушілер «Бала денсаулық паспорты» 026/у құжатымен

кабылданады. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтырушынықтыру жұмыстары жоспарлы жүргізіледі. Токсан сайын антропометриялық өлшемдер жүргізіліп, тәрбиеленушілердің физиологиялық көрсеткіштері бақыланады. Мекеме қызметкерлері жылына екі рет уақытылы медициналық тексерістен өткізіледі.

Зарарсыздандыру ерітіндісін дайындау үшін «ДЕОХЛОР Стандарт» таблеткалары пайдаланылады. Ерітінді дайындайтын «Ерітінді дайындау» нұсқаулығы бар арнайы орын бөлінген, ыдыстар жеткілікті. 0,03%, 0,015% ерітінділермен жұмыс жасайды. Ауыз су және кәріз жүйесі уақытылы жұмыс жасап тұр.

Топ балалардың жас ерекшеліктері, СанПин талаптарын есепке ала отырып жасақталған. Жатын бөлмесі және қабылдау бөлмесі жылжымалы бактерицидті лампамен зарарсыздандырылып, СанПин талаптарына сәйкес желдетіледі. Бөбекжай-бақшасының барлық үй жайлары санитарлық қағидаға сәйкес жұмыс жасауда. Санитарлық тораптар, топ бойынша 1 унитаз, 2 қолжуғыш қамтамасыз етілген. Кіші топтарда түбекке арналған ұяшықтар мен түбектер таңбаланған, түбектерді зарарсыздандыру үшін таңбаланған ыдыстар қарастырылған. Топтық үй – жайлар, қабылдау бөлмесі, медициналық бөлмелерінде ауа температурасын өлшейтін термометрлер санитарлық талаптарға сәйкес орнатылған.

Барлық топ жуып, жинауға арналған мүккәмалдармен қамтамасыз етілген. Санитарлық торапқа арналған мүккәмалдар таңбаланған.

Кереуеттер мен төсек жаймалары, сүлгілер, топ жиһаздары таңбаланған. Топтарда ас үй жиһаздары мен ыдыстары талапқа сай таңбаланған. Ауыз су режимі дұрыс сақталған, қайнаған су белгіленіп отырады.

Бөбекжай-бақшасы бойынша барлық топта үстелдер мен орындықтар, жатын бөлмесінде кереуеттер балалардың бой, жас ерекшеліктеріне сәйкес, белгіленген өлшемде қарастырылған. Қабылдау бөлмелері балалардың сыртқы киімін шешетін таңбаланған шкафтармен және орындықтармен қамтылған. Күн соңында балалар ойнаған ойыншықтар жуу құралдарын пайдалана отырып жуылып, төңкеріліп кептіріледі. Ойыншық жууға арналған шөтке, табактар және кептіруге арналған жаймалар әр топ ерекшеліктері бойынша таңбаланған.

Балабақша аумағында әр бір топ үшін жеке ойын алаңдары белгіленіп, ауа – райының ерекшеліктері үшін көлеңке қалқамен қамтамасыз етілген. Әр топтар үшін құм жәшіктері қарастырылған, құмдарды ауыстыру, өңдеу санитарлық талаптарға сай жүргізіледі.

**Ас блогы:** Ет, балық сақтайтын тоназытқыштарымен қамтылған, Қойма, Құрғақ азық-түліктер қоймасы, Салқындату камерасы бөлімдерінен тұрады. Қоймалар талапқа сай жасақталған. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау үшін электронды термометрлері бар тоназытқыш, мұздатқыш жабдықтары қарастырылған. Температура режимі сақталады.

Мекеме басшысы бекіткен маусымдық перспективтік ас мәзірі жасақталған. Балалардың тамақтануы іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективті ас мәзіріне сәйкес жүргізіледі. Аспаздық дайын өнімнің тәуліктік сынамалары арнайы тоназытқышта сақталады. Тоназытқышқа арналған термометрмен қамтамасыз етілген. Күнделікті ас мәзірі толтырылып, «С» дәрумені жүргізіледі. «Дайын тағамның және аспаздық бұйымда органолептикалық бағалау журналы», «Тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналы», «Ас блогы жұмыскерлерін тексеріп- қарау нәтижелері журналы» құжаттары уақытымен жүргізіледі.

**Кір жуу бөлімі:** Лас төсек жабдықтары, үтіктеу, таза төсек жаймаларын өткізу кір жуу бөлмесінде орналасқан. Төсек жаймалары, сүлгілер, мерзімдік жамылғылар талапқа сай арнайы сөрелерде сақталады.

Кір жууға арналған 2 кір жуу машиналары, кептіруге арналған, үтіктеу тақталарымен қамтамасыз етілген. жаймалары 3 ауысымдық. Сүлгілер жеткілікті мөлшерде. Төсек жаймаларын жууға арналған график жасақталған.

## 5. Балабақша және отбасы қарым-қатынас деңгейін бағалау

Жоспар бойынша ата-аналармен барлық іс-шаралар өз деңгейінде өтіледі. Әрбір топ тәрбиешілері өз ата-аналарымен түрлі тақырыпта сайыстар, дөңгелек үстел, кеңестер өткізіп, ата-ананың балабақшаға деген көзқарасын өзгертіп, қызығушылығын арттырады. Спорттық мерекелер: «Шынығып шымыр боламыз!», «Денсаулық күні», «Спорт сүйген отбасы» сайыстары. «Алтын күздің сыйы неткен әдемі!» ата –аналардың атсалысуымен көрме өткізіледі. Ашық есік күндеріне қатысып, балабақша өмірімен танысып, өз пікір – ұсыныстарын айтады. Мұндай іс-шаралардың нәтижесі бүгінгі таңдағы білім жүйесін жетілдіруге өзіндік үлесін қосады. Мектепке дейінгі ұйыммен отбасы арасындағы толыққанды қарым-қатынасты ұйымдастыру педагогикалық ұжым қызметіндегі аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Тәрбиешілер ата-аналармен тығыз байланыс жасап, топтық ата-аналар жиналысын ашып, үнемі сапалы кеңестер беріп отырады, психологпен бірлесіп, бала мен отбасы қарым – қатынасына мән беріп, педагогикалық-психологиялық көмек беріліп отырады, сауалнамалар жүргізіліп отырады. Ата – аналар мәліметі әлеуметтік картаға толтырылып отырады. Ата – аналармен жұмыстар тоқсан сайын балабақшаның жылдық міндеттері мен жоспарына сай жоспарланған.

## **6. Оқу- тәрбие жұмысы туралы**

2021-2022 оқу жылы балабақшаның тәрбие мен оқыту жұмыстары ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 ІІІ Заңына сәйкес және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйеніп, күн тәртібінің талаптарын сақтай отырып жүргізілуде. Жаңа оқу жылына балабақша бойынша жылдық жоспар жасақталып, келесі мақсаттар мен міндеттер алынған: Балабақша табалдырығында ұлттық рухты, адамгершілік сезімді, отбасылық құндылықтарды тәлім тәрбиеде пайдалану. Балабақша тәрбиеленушілерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес заттық - дамытушы ортаны дамыту және бала біліктілігін қалыптастыру.

### Міндеттері:

1. Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны модернизациялау.
2. Балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, рухани –адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағдарланған білім беру салаларында интеграциялық амалдарын қолдану.
3. Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуде бақша мен отбасы қауымдастығының жұмысын жетілдіру.

2021-2022 оқу жылына баланың жас шамасына сай базистік жоспар, тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық, вариативтік жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, өтпелі тақырыптар № 1 Педагогикалық кеңесте бекітілді.

Тәрбие мен оқыту жұмысы циклограмма арқылы жүргізіліп отыр. Сонымен қатар, күнделікті балалармен атқарылатын тәрбиелік шаралар күн тәртібінде талапқа сай және балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жоспарланған.

Педагогикалық кеңес жылына талапқа сай 6 рет жоспарланған.

Семинар жылына 2 тақырып бойынша жоспарланған. Тақырыптары жылдық мақсатқа сай құрылған.

Әдіскердің жұмыстағы күндерді бақылауға алып жүйелі түрде жұмыс жасап отырады. Тәрбиеші – педагогтардың ұйымдастырылған оқу іс – әрекетіне, күн режимін бақылау карталары стандарт талаптарына сай құрылып, тексеріліп, тәрбиешіге таныстырылып отырады. Педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, психологиялық тренингтер, семинар және басқа да жұмыс түрлері өткізіліп, балабақшадағы педагогтармен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Дәстүрлі әдіс-тәсілдермен бірге, белсенді тәсілдер, іскерлік ойындар, пікір-сайыс, дөңгелек үстел, ойға шабуыл, шеберліктерін көрсету сияқты әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданады. Осындай жұмыстың түрлері



педагогтардың шеберлігін арттыруда, өзін-өзі бағалауға, әдеби кітаптарды өз жұмысына пайдалана білуіне, ізденімпаздықтарын арттыруға жетелейді. Педагогтардың шығармашылық мүмкіншіліктеріне кәсіби өсу деңгейі мен жеке бағыттық педагогикалық құзыреттілігінің өзгерістері әсерін тигізеді. Педагогтар инновациялық технология түрлерін ұйымдастырылған оқу қызметтерінде көптеп пайдаланады. Балабақша педагогтары жоспарланған аудандық, облыстық, семинарларға, конференцияларға қатысып, өзара тәжірибе алмасады.

## **7. Қорытынды**

«Дана» бөбекжай-бақшасында 2 топ бойынша 8 педагог еңбек етеді.

Осы жағдайларды ескере келе, педагогтың білім, іскерлік, дағдыларының негізгі деңгейін нгеруде балаларға қоятын талабын жасына қарай және жеке мүмкіндіктерін ескеріп, көлемін ұлғайтып ұйымдастыруға жағдай жасау;

- толық кеңістікті құрып, баланың жеке дамуына кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз ету, баланың сөйлеуін, сауат ашу негіздерін меңгерту, денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру;

-өз мүмкіндіктеріміздің күшіне сәйкес таңдаған жолдан, қойылған мақсаттан тайынбауға тырысамыз.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың стратегияларын жасауға барлық күш-жігерімізді біріктіру қажеттілігін арттырудамыз. Осылайша, бөбекжай-бақшасы қызметінің мақсатына қол жеткізу барысында ұжымдық жұмыстардың тәжірибесі бөбекжай-бақшасы педагогикалық процестерге қорытынды жүргізуге, оның нәтижелерін алдағы жүргізілетін жұмыстарды іске асыруға, қойылған мақсаттарға жетуге үлкен септігін тигізеді деп білеміз.

Бөбекжай-бақшасы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпы міндетті стандартының талаптарына сай екендігін көрсетті.

## **Шешімі:**

Аттестаттау комиссиясы жұмыстардың нәтижесі мен қорытындысын талқылай келе ұсыныстар берілді:

- «Педагогикалық процесті ұйымдастырғандағы жалпы талаптар» сонымен қатар заттық-дамытушы ортаны ұйымдастырғанда жалпы талаптарды орындау бағыттарын жалғастыру;
- Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде жаңа инновациялық технологияларды кеңінен пайдалану;
- Өдіскер педагогтарға оқу іс-әрекетінің технологиялық картасын және индикатор жұмыстарын дұрыс жүргізуге кеңестер өткізу;

**Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі  
қорытынды 2021-2022 жыл**

P/c №	Дағдылар тізбесі	Бобек жасы (1-3 жас)		Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)					
		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	5	6	7	8	9	10	13	14
1	Денсаулық	1/25	21/84%	1/12	7/58,3%	1/13	10/77%	2/50	38/76%
2	Қатынас	1/25	11/44%	1/12	8/66,6%	1/13	11/85%	2/50	30/60%
3	Таным	1/25	8/32%	1/12	8/66,6	1/13	9/70%	2/50	25/50%
4	шығармашылық	1/25	11/44%	1/12	5/41,6%	1/13	13/100	2/50	29/58%
5	Әлеумет			1/12	6/50%	1/13	12/92,3%	2/50	18/36%

Білім беру ұйымының басшысы Карашолакова Гүлзат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

  
(қолы)

Ескертпе \*

Кестеде 3, 5, 7, 9, 11, 13-бағандар бөлшекпен көрсетіледі: алымда – топтар саны, бөлгіште – балалар саны.  
Кестеде 4, 6, 8, 10, 12, 14-бағандар бөлшекпен көрсетіледі: алымда – іскерліктер мен дағдыларды меңгерген балалар саны, бөлгіште – іскерліктер мен дағдыларды игеру пайызы.

Қосымша оқу жылы бойынша толтырылады.

**Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі  
қорытынды 2020-2021 жыл**

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)		Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)					
		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	5	6	7	8	9	10	13	14
1	Денсаулық	1/25	15/60%	1/16	10/62,5%	1/9	9/100%	2/50	34/68%
2	Қатынас	1/25	11/44	1/16	5/31,25%	1/9	7/77,7%	2/50	23/46%
3	Таным	1/25	15/60	1/16	6/37,5%	1/9	6/66,6%	2/50	27/54%
4	шығармашылық	1/25	17/68	1/16	7/43,75%	1/9	8/88,8%	2/50	32/64%
5	Әлеумет			1/16	7/43,75%	1/30	7/77,7%	2/50	14/28%

Білім беру ұйымының басшысы Карашолакова Гулзат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

Ескертпе \*

Кестеде 3, 5, 7, 9, 11, 13-бағандар бөлшекпен көрсетіледі: алымда – топтар саны, бөлгіште – балалар саны.

Кестеде 4, 6, 8, 10, 12, 14-бағандар бөлшекпен көрсетіледі: алымда – іскерліктер мен дағдыларды меңгерген балалар саны, бөлгіште – іскерліктер мен дағдыларды игеру пайызы.

Қосымша оқу жылы бойынша толтырылады.

**Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі  
қорытынды 2019-2020 жыл**

P/c №	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)	
		Бірінші Кіші топ (2-3 жас)		Орта жас(3 -4 жас)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	5	6	7	8	13	14
1	Денсаулық	1/25	21/84%	1/25	12/48%	2/50	33/66%
2	Қатынас	1/25	11/44%	1/25	0/0%	2/50	11/22%
3	Таным	1/25	8/32	1/25	7/28%	2/50	15/30%
4	шығармашылық	1/25	11/44%	1/25	4/16%	2/50	15/30%
5	Әлеумет			1/25	6/24%	2/50	6/12%

Білім беру ұйымының басшысы Қарашолақова Гулшат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Ескертпе \*

Кестеде 3, 5, 7, 9, 11, 13-бағандар бөлшекпен көрсетіледі: алымда – топтар саны, бөлгіште – балалар саны.  
Кестеде 4, 6, 8, 10, 12, 14-бағандар бөлшекпен көрсетіледі: алымда – іскерліктер мен дағдыларды меңгерген балалар саны, бөлгіште – іскерліктер мен дағдыларды игеру пайызы.

Қосымша оқу жылы бойынша толтырылады.



**Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі  
қорытынды 2018-2019 жыл**

P/c №	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)	
		Бірінші кіші топ (2-3 жас)		Ортаңғы топ(3-4 жас)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	5	6	7	8	13	14
1	Денсаулық	1/25	21/84%	1/25	12/48%	2/50	33/66%
2	Қатынас	1-25	11/44%	1/25	6/24%	2/50	6/24%
3	Таным	1/25	8/32%	1/25	3/12%	2/50	11/22%
4	шығармашылық	1/25	8/32%	1/25	12/48%	2/50	19/38%
5	Әлеумет			1/25	10/40%	2/50	10/40%

Білім беру ұйымының басшысы Карашолақова Гулшат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Ескертпе \*

Кестеде 3, 5, 7, 9, 11, 13-бағандар бөлшекпен көрсетіледі: алымда – топтар саны, бөлгіште – балалар саны.  
Кестеде 4, 6, 8, 10, 12, 14-бағандар бөлшекпен көрсетіледі: алымда – іскерліктер мен дағдыларды меңгерген балалар саны, бөлгіште – іскерліктер мен дағдыларды игеру пайызы.

Қосымша оқу жылы бойынша толтырылады.



**Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі  
қорытынды 2017-2018 жыл**

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)	
		Екінші Кіші жас (3-4 жас жастан бастап)		Орта жас (4-5 жас жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	5	6	7	8	13	14
1	Денсаулық	1/25	13/52%	1/25	21/84%	1/50	34/68%
2	Қатынас	1/25	17/68%	1/25	11/44%	1/50	28/56%
3	Таным	1/25	7/28%	1/25	8/32	1/50	15/30%
4	шығармашылық	1/25	15/60%	1/25	11/44%	1/50	26/52%
5	Әлеумет	1/25	11/44%	1/25	11/44%	1/50	22/44%

Білім беру ұйымының басшысы Қарамолақова Гулшат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

  
(қолы)

Ескертпе \*

Кестеде 3, 5, 7, 9, 11, 13-бағандар бөлшекпен көрсетіледі: алымда – топтар саны, бөлгіште – балалар саны.  
Кестеде 4, 6, 8, 10, 12, 14-бағандар бөлшекпен көрсетіледі: алымда – іскерліктер мен дағдыларды меңгерген балалар саны, бөлгіште – іскерліктер мен дағдыларды игеру пайызы.


Қосымша оқу жылы бойынша толтырылады.

**Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы**

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Топтың атауы	Жас кезеңдері	Жас топтары
1	2	3	4	5	6
1	Азад Айдар Алтынбекұлы	22.05.2019	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
2	Алтай Аяккөз Азаматқызы	24.06.2017	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
3	Аманбаева Аяна Мейрамбекқызы	21.11.2017	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
4	Амантай Аяна Нұрсұлтанқызы	06.02.2018	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
5	Амандық Азиз Бағдатұлы	23.07.2018	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
6	Арал Осман Русланұлы	21.01.2020	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
7	Алпысбаева Айлана Рахатқызы	21.03.2020	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
8	Әбдіғали Шахмардан Аманбайұлы	08.01.2018	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
9	Әбдіғали Қозайым Аманбайқызы	12.06.2020	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
10	Болат Бекзат Қанатұлы	14.02.2019	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
11	Бақытқали Абзал Болатұлы	21.07.2017	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
12	Есенбек Райна Асланбекқызы	16.01.2017	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
13	Батырбек Амира Сұлтанбекқызы	16.11.2019	«Күншуақ» тобы	Кіші топ	2-3
14	Даулен Шахназ Қайратқызы	02.10.2019	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
15	Динисламова Айгерем Жаксылыққызы	11.06.2018	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
16	Есенгелді Малік Есболұлы	07.04.2019	«Күншуақ» тобы	Орта жас	3-4
17	Еркінбай Бекжан Жандарбекұлы	27.03.2019	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
18	Есенбек Исмаил Асланбекұлы	07.01.2019	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
19	Жұмамұрат Әсманұр Бегім Қайратқызы	29.05.2018	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
20	Жарменова Қозайым Асланқызы	10.11.2018	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
21	Жабасак Ләйла Нұртасқызы	19.06.2018	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
22	Жақсбай Дастанбек Нұрболұлы	16.09.2019	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
23	Жеңісбекұлы Бейбарыс	15.12.2019	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
24	Жұмамұрат Хантөре Қайратұлы	18.11.2019	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
25	Жетпісбай Зере Мәдиханқызы	06.12.2017	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
26	Исмет Аружан Қанатқызы	09.04.2019	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
27	Көшкінбаева Айнакөз Таскынбайқызы	08.05.2018	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
28	Қазен Әбінғазиз Жомартұлы	29.07.2018	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5

29	Қалдымұрат Дамир Серікұлы	07.08.2017	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
30	Қуанышбеков Мұхтар Сырлыбекұлы	20.02.2018	«Алтын балық» тобы	ерте жас	4-5
31	Қалас Жанкожа Азаматұлы	08.08.2019	«Алтын балық» тобы	орта жас	3-4
32	Қуаныш Айкөркем Айтұратқызы	13.02.2020	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
33	Мейрамов Амир Берикович	01.11.2019	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
34	Мейрамова Инжу Максимқызы	02.06.2020	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
35	Муратов Әл-Фараби Қайратұлы	05.06.2020	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
36	Марат Тасним Саянқызы	04.06.2018	«Алтын балық» тобы	орта жас	3-4
37	Марат Ажар Саянқызы	09.06.2020	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
38	Нұрлан Әділ Нұрболатұлы	06.12.2017	«Алтын балық»	Ерте жас	4-5
39	Нұрлан Жігер Ерланұлы	26.02.2017	«Алтын балық»	Ерте жас	4-5
40	Рахат Айсауле Айбекқызы	28.08.2019	«Алтын балық» тобы	Орта жас	3-4
41	Сәндібек Медина Қанатовна	17.01.2019	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
42	Сағын Амир Қанатұлы	12.12.2017	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
43	Сағын Айлин Қанатқызы	04.09.2019	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
44	Сағын Аңсар Хамзаұлы	09.11.2019	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
45	Сәбит Нұрсейім Жеңісбекқызы	15.02.2018	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
46	Сергей Расул Саламатұлы	15.07.2017	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
47	Сыдықов Нұрсұлтан Нұржанұлы	05.02.2017	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
48	Ітұрған Хадиса Азаматұлы	27.08.2017	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5
49	Шамоқ Аврора Робиевна	27.09.2019	«Күншуақ» тобы	Кіші жас	2-3
50	Шамоқ Агата Робиевна	14.12.2017	«Алтын балық» тобы	Ерте жас	4-5

Білім беру ұйымының басшысы Карашолақова Гулзат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

  
(Қолы)

**Ескертпе \***

Кестедегі 5-бағанда бөбек жасы немесе мектепке дейінгі жас көрсетіледі. Мысалы, орта жас.

Кестедегі 6-бағанда топтың жасы көрсетіледі. Мысалы, 3 жастан 4 жасқа дейін.

Қосымша оқу жылы бойынша толтырылады.



**Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер**

«Дана» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (білім беру ұйымының атауы) (\_\_\_\_\_ жағдай бойынша)

R/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған алы мен жері	Жоғары және/немесе техникалық және кәсіптік, және/немесе орта білімнен кейінгі білімі, қайта даярлаудан өткен туралы мәлімет, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы, өндірістік оқыту шеберлері үшін соңғы 5 жылда кемінде 1 жыл өндірістік өтілі бар (өндірістік ұйымын атауы, жұмыс өтілі) немесе бейні бойынша соңғы 3 жылда кемінде 72 сағат көлемінде ұйымдарда және/немесе өндірісте тағылымдалмаған өтуі (өндірістің, ұйымның атауы, оқу мерзімі)	Негізгі жұмыс орны (ұйымның мекен жайы)	Қосымша жұмыс орны (қоса атқару)	Сотталмағандығы (сотталғандығы) тура малімет*	Санаты, берілген күні, санат берілгені туралы бұйрықтың нөмірі* педагог - сарапшылар, педагог-зерттеушілер, педагог - шеберлер туралы мәлімет. Конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздары н дайындаған педагогтер туралы мәліметтер	Медициналық тексеруден өткені туралы мәлімет (санитарлық кітаптың болуы) *	Магистр дәрежесі туралы мәлімет (мамандығы, берілген)	
1	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Карашолақова Гулшат Женисовна	1984, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы	Жоғары. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті. 2016 жыл.	«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалімдер ауданының білім бөлімі» ММ «Дана» бөбекжай-бақшасы МКҚК Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық округі, Сағашли ауылы, Ә.Моллағұлова көшесі, 18	жоқ	Соттылығы жоқ	жоқ	бар	жоқ	

2	Ажибаева Зауре Куанышовна	1968, Қызылорда облысы, Арал ауданы	Арнаулы орта, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту. Көпсалалы Болашақ колледжі, 2014 жыл.	үй «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Дана» бөбекжай- бақшасы МКҚК Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық округі, Сағашилі ауылы, Ә.Моллағұлова көшесі, 18 үй	жоқ	Соттылығы жоқ	01.09.2020 ж №67 II санат	бар	жоқ
3	Алиева Машук Нурлыбековна	1977, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы	Жоғары, Мектепке дейінгі педагогика және психология оқытушысы тәрбиеші-методист. Атырау педагогикалық университеті, 1998 жыл	«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Сағашилі жалпы білім беретін орта мектебі» КММ Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек ауылдық округі, Сағашилі ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 1 үй	«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Дана» бөбекжай- бақшасы МКҚК Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық округі, Сағашилі ауылы, Ә.Моллағұлова көшесі, 18 үй	Соттылығы жоқ	жоқ	бар	жоқ
4	Мурынтаева Жұлдыз Маратовна	1994, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы	Арнаулы орта, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Медициналық-әлеуметтік колледжі ЖШС, 2021 жыл	«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Дана» бөбекжай- бақшасы МКҚК Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық округі, Сағашилі ауылы, Ә.Моллағұлова көшесі, 18 үй	Соттылығы жоқ	Соттылығы жоқ	жоқ	бар	жоқ
5	Сейткалиева Жұлдыз Абешовна	1976, Орал облысы, Сырым ауданы.	Жоғары, Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу. Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті, 2017 жыл.	«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Дана» бөбекжай- бақшасы МКҚК Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық	Соттылығы жоқ	Соттылығы жоқ	бар	жоқ	

6	Манашева Мира Алпысбаева	1979, Ақтөбе облысы, Темір ауданы	Арнаулы орта, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту. Ақтөбе гуманитарлық- техникалық колледжі. 2014 жыл	«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Дана» бөбекжай- бақшасы МКҚК Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық округі, Сағашілі аумағы, Ә.Моллағұлова көшесі, 18 үй	Соттылығы жоқ	01.09.2019 ж №66 II саят	бар	жоқ
7	Жукстаева Жанат Турелжановна	1968, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы.	Жоғары, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. 2021 жыл	«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Дана» бөбекжай- бақшасы МКҚК Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық округі, Сағашілі аумағы, Ә.Моллағұлова көшесі, 18 үй	Соттылығы жоқ		бар	
8	Байқаламова Раушан Байлосовна	1987, Қызылорда облысы, Арал қаласы	Арнаулы орта, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту. Копсалалы Болашақ колледжі. 2018 жыл	«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Дана» бөбекжай- бақшасы МКҚК Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық округі, Сағашілі аумағы, Ә.Моллағұлова көшесі, 18 үй	Соттылығы жоқ		бар	жоқ

Білім беру ұйымының басшысы Қарашолақова Гүлшат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Ескерту\* бастауыл, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін.



**Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің  
болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер**

(білім беру ұйымының атауы) ( \_\_\_\_\_ жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
1	2	3
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық округі, Сағашилі ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі, 18 үй	18.05.2012 жыл №АК 10581DD	

Білім беру ұйымының басшысы Карашолакова Гулзат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))



\* Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі.

**Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру  
объектісінің болуы туралы мәліметтер**

«Дана» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны  
(білім беру ұйымының атауы) ( \_\_\_\_\_ жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
1	2	3	4
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Дана» бөбекжай-бақшасы МКҚК Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық округі, Сағашилі ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі, 18 үй	асхана	№122, 28.04.2011 жыл	Жок

Білім беру ұйымының басшысы Карашолакова Гулзат Жениевна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))



**Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының  
болуы туралы мәліметтер**

«Дана» бөбекжай-бақшасы МКҚК  
(білім беру ұйымының атауы) ( \_\_\_\_\_ жағдай бойынша)

Құрылыстың типі (типтік жоба, ыңғайластырылған, өзге) білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Материалдық-қаржылық активтердің болуы (меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі), материалдық активтерді жалға алу туралы мәлімет	Меншік үй-жайлардың түрі (кабинеттер, дәрісхана аудиториялары, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, нақты мамандықтар, кәсіптер бойынша зертханалар мен шеберханалар, мәжіліс және спорт залдары), әлеуметтік-тұрмыстық (өткізу пункттерінің, санитариялық тораптардың болуы, білім беру ұйымының үй-жайларында және іргелес жатқан аумақтарында бейнебақылаудың болуы, тұру үшін жағдай жасау) және өзге мақсаттағы үй-жайлардың түрі	Жалпы алаңы (м2)
1	2	3	4
«Дана» бөбекжай-бақшасы типтік жобада салынған, 1 қабатты ғимарат. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Еңбек селолық округі, Сағашилі ауылы, Ө.Молдағұлова көшесі, 18 үй	Өз меншік несі	«Дана» бөбекжай-бақшасы МКҚК 2010 жылы қолданысқа берілді. Құжаттары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Компьютер саны 4, 1 ноутбук. Кабинеттер жағдайы жақсы	
		асхана	27,6
		Ойын бөлмесі	31,9
		Ойын бөлмесі	37,0
		Жуыну бөлмесі және дәретхана	5,5
		Жуыну бөлмесі және Дәретхана	6,7
		Медициналық бөлме	7,0
		Меңгеруші бөлмесі	9,7
		Әдіскер, психолог, меңгеруші бөлмесі	23,1
		Жатын бөлме	35,8
		Жатын бөлме	29,7
		Киіну бөлмесі	12,0
		Киіну бөлмесі	9,2
		12 бақылау камерасы бар, сыртты 5, іште 7	


Білім беру ұйымының басшысы Қарашолақова Гулшат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

  
Қарашолақова  
(қолы)

**Оқытылатын пәнің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілік  
арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер**

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Тақырыптың атауы	Оқыған орны мен кезеңі	Оқыған ұйымның атауы	Сағаттар саны және жұмыс өтілі	Аяқталу нысаны
1	2	3	4	5	6	7
1	Карашолакова Гулзат Женисовна	Мектепке дейінгі ұйым басшыларының біліктілігін арттыру	Қашықтықтан, 21.06-02.07. 2021 жыл	Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе к. Филиалы	80 сағат. 13 жыл	
2	Ажибаева Зауре Куанышовна	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру	14.10-29.11 2019 жыл	«Назарбаева Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе к. Филиалы	235 сағат. 13,2 ай	
3	Манашева Мира Алтысбаевна	Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау	04.10 – 14.10 2021 жыл	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы	72 сағат 10,11 ай	
4	Жукетаева Жанат Туржановна	Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесін жобалау	27.05-07.06 2019 жыл	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы	72 сағат 20,3 ай	
5	Сейткалиева Жұлдыз Абешовна	Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесін жобалау	14.10- 25.10.2019 жыл	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы	72 сағат 11 жыл	

Білім беру ұйымының басшысы Карашолакова Гулзат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

  
(Қолы)



**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу  
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға  
арналған дескрипторлар**

№ р/с	МЖМБС жалпы талаптары және бағалау өлшемшарттары	Баға	Дескрипторлар
1	Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар		
1.1	МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы	uzdik	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 72 % -дан астам
1.2	Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру	zhaqsy	Интернет жылдамдығы 10 Мб/с-тан астам
1.3	Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері	zhaqsy	Тәрбиеленушілер қашықтықтан немесе күндізгі облыстық, аймақтық зияткерлік конкурстардың жеңімпаздары, жүлдегерлері немесе республикалық деңгейдегі қатысушылар болып табылады
1.4	Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері	zhaqsy	Тәрбиеленушілер күндізгі және сырттай облыстық немесе аймақтық деңгейдегі шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлері не республикалық деңгейдегі қатысушылар болып табылады
2	Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар		
2.1	МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру	zhaqsy	60 %-дан астам респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған

Аттестаттау комиссиясының төрағасы Қарашолақова Гулшат Женисовна  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))



(қолы)



**Ересек жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнама  
(төрт жастан бастап)**

Құрметті ата-аналар! Комиссия білім беру ұйымына бағалау жүргізеді. Біз Сіздің балаңыздың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жас топтары бойынша меңгерілуі тиіс білім, білік, дағды көлемін табысты игеруіне мүдделіміз. Сіздің жауабыңыз бізге тәрбиеленушілердің жетістіктеріне объективті мониторинг жүргізуге және мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуға көмектеседі.

Сондықтан Сізден сауалнаманы жеке толтыруыңызды сұраймыз. Ғытымақтастық үшін рахмет!

Ата-ананың немесе заңды өкілінің Т.А.Ә

Айымжолдас Жаппасов

Телефон нөмірі

87758343505

Тәрбиеленуші тобының

атауы "Алтын Балық"

Тәрбиеленушінің Т.А.Ә.

Сергей Расае Рамазанов

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Дағдылар мазмұны	Толығымен келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге киналамын	Келісемін	Толығымен келісемін
			-2	-1	0	+1	+2
<b>Денсаулық сақтау дағдылары</b>							
1	Мәдени-гигиеналық дағдылар	Гигиеналық шараларды орындау ретін біледі					✓
2	Дене шынықтыру	Өмірлік маңызы бар қимылдарды өздігінен орындай алады				✓	
3	Дербес қимыл белсенділігі	Түрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық ойындарды ойнай алады, ойын ережелерін сақтайды				✓	
4	Салауатты өмір салты	Салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі және сақтайды				✓	
5	Салауатты өмір салты	Өсімдіктерге, жануарларға, жәндіктерге күтім жасай алады				-	
<b>Коммуникативтік-тілдік дағдылар</b>							
6	Қарым-қатынас мәдениеті	Ересектермен, балалармен қарым-қатынасқа түсе алады және олардың өтініштерін орындайды				✓	
7	Тілдің грамматикалық құрылымы	Ересектердің сұрақ қоюы арқылы салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді келісіп құрастыра алады				✓	
8	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті	Ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтады				✓	
9	Сөздік қор	Жағдайды көрмей-ақ сөздерді қолданып, сөйлеуде етістіктерді белсенді қолдана алады				✓	
10	Байланыстырып сөйлеу	Тілдесудің негізгі формасын, диалогтік сөйлеуді меңгерген	✓				
11	Байланыстырып сөйлеу	2-3 сөйлеммен өз ойын жеткізе алады	✓				
12	Шығармашылық пен тілдік қызмет	Таныс ертегілерді айтады, ойыншықтар туралы шағын әңгімелер құрастырады				✓	
13	Шығармаларды қабылдауы	Өзіне ұнайтын бірнеше шығармаларды атай алады, әдеби				✓	